



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 31 қазан

Данияр Ақышев валюта нарығындағы ахуал туралы айтып берді

Ұлттық валютаның қазіргі айырбастау бағамы шетел валютасының сұранысы мен ұсынысының теңгерімін көрсетіп отыр. Қазіргі уақытта ішкі валюта нарығындағы ахуал – тұрақты, құбылмалылық – қалыпты. Бұл туралы ҚР Парламенті Мәжілісі отырысының қорытындысы бойынша журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

Д. Ақышев бағамның күнделікті құбылмалылығы – еркін өзгермелі валютаның ажырамас бөлігі екендігін атап өтті.

«Экономиканың өсу қарқыны жоғары болып қалуда, төлем балансының жай-күйі жақсаруда, инфляция нысаналы дәліз шегінде. Ұлттық валютаның айырбастау бағамы жете бағаланбай, АҚШ долларына қатысты нығаюдың объективті алғышарттарын сақтап отыр деп санаймыз», - деді Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы.

Данияр Ақышев – 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында еліміздің сыртқы міндеттемелері 2,8 млрд АҚШ долларына қысқарды

Қазақстан Ұлттық Банкі сыртқы борыш статистикасын халықаралық әдіснама негізінде қалыптастырып, таратады және ол қаржы ұйымдарының сыртқы борышын реттеуге жауапты мемлекеттік орган болып табылады. Бұл туралы ҚР Парламенті Мәжілісі отырысының қорытындысы бойынша журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

Ол сыртқы борыштың «қауіпті» деңгейі деген ұғымның жоқ екенін айтты. «Ұлғаюдың ненің есебінен болғанын және қарыз алушылар өз міндеттемелерін уақтылы өтей алатын не алмайтындығын түсінген жөн. 2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстанның сыртқы борышы 164,4 млрд долларды немесе еліміздің ІЖӨ-нің 96,3%-н құрады. Көрсетілген көлемде мемлекеттік сектордың сыртқы борышының үлесі 11,9 млрд долларды немесе 7,2%-ды, қаржы секторы – 9,0 млрд долларды немесе 5,5%-ды, қаржылық емес сектор – 40,0 млрд долларды немесе 24,3%-ды құрады. Шетелдік тікелей инвесторлардың, еншілес және тел компаниялардың алдындағы міндеттемелерді білдіретін фирмааралық берешек 63,0% немесе 103,6 млрд доллар болды», - деп хабарлады Д. Ақышев.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы айтқандай, 2018 жылғы бірінші жартыжылдықта елдің сыртқы міндеттемелері Солтүстік Каспий жобасына қатысу үлесін сатып алу үшін тартылған 1,5 млрд АҚШ долларын «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-тың мерзімінен бұрын өтеуін, «Казкоммерцбанк» АҚ-тың еурооблигацияларын өтеуді, өнімді бөлу туралы келісім бойынша төлемдері қоса алғанда, экономиканың барлық секторының бейрезиденттер алдындағы берешектерін азайту есебінен 2,8 млрд АҚШ долларына қысқарды.

Д. Ақышев бұл көбінесе қазіргі кезде ҚР Үкіметі Қазақстан Ұлттық Банкімен бірлесіп жүргізген, мемлекеттік және квазимемлекеттік борыштың мониторингі мен бақылауды күшейтуге бағытталған жұмыстың нәтижесінде болды деп толықтырды.

Данияр Ақышев – Қазақстанның банк секторының ағымдағы жай-күйі тұрақты

Қазіргі кезде банк секторын 28 екінші деңгейдегі банк құрайды, ал олардың жиынтық активтері ағымдағы жылдың 1 қазанында 24,5 трлн теңгені немесе ІЖӨ-нің 43%-ын құрай отырып, жыл басынан бері 1,6%-ға ұлғайды. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Парламентінің Мәжілісі отырысының қорытындысы бойынша журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып айтып берді.

Ол Қазақстанның банк секторының ағымдағы жай-күйінің тұрақты және екінші деңгейдегі банктердің жалпы Қазақстан Республикасының банктік заңнамасының белгіленген талаптарын орындап отырғанын атап өтті.

«Жұмыс істемейтін қарыздарға қатысты айтатын болсақ, олардың үлесі 2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша банктердің несие портфелінің 8,5%-ын құрайды, бұл Қазақстан Ұлттық Банкінің реттеу талаптарына сәйкес келеді», – деп түсіндірді Д. Ақышев.

Қазақстан Ұлттық Банкі басшысының айтуынша, проблемалық активтерді есептен шығару тетігінің тиімділігін арттыру мақсатында заңнамалық деңгейде проблемалық кредиттер нарығының жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасалды, үмітсіз қарыздарды кешіру не есептен шығару үшін жұмыс істемейтін активтерді арнайы еншілес ұйымдарға (КАБҰ) беру үшін салық преференциялары ұсынылды, КАБҰ-ның қарыз алушыларды қаржылай қалыпқа келтіру және банктік қарыздар сапасын арттыру бойынша өкілеттіктері кеңейтілді.

«Бұдан басқа өткен жылы қабылданған Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы қатысушы банктерге 2018 жылғы қаңтар – қыркүйек аралығында 794,3 млрд теңге сомаға проблемалық қарыздарды есептен шығаруға мүмкіндік берді. Бұл ретте қатысушы банктер «нашар» активтерді 1,2 трлн теңге сомаға төмендету бойынша міндеттемелер қабылдады», – деп қорытындылады Д. Ақышев

Данияр Ақышев – Биыл Қаржыгерлер конгресін өткізу форматын жандандыру жоспарланып отыр

15 қарашада Қаржыгерлердің VIII Конгресі өтеді, мұнда әдеттегідей бұл күн кәсіби мереке болып табылатын әлемге әйгілі спикерлер жиналады. Бұл практика кездесуді ұйымдастырушылар үшін жаңалық емес. Бұл туралы Ұлттық Банк Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Парламенті Мәжілісі отырысының қорытындылары бойынша «Капитал» журналистің сұрағына жауап бере отырып айтып берді.

Ол Конгреске қатысуға таяу және алыс шетелдерден беделді қонақтар, сол сияқты орталық банктердің басшылары, халықаралық қаржы ұйымдарының өкілдері және қаржы нарығының кәсіби қатысушылары шақырылғандығын атап өтті.

«Конгресс заманауи қаржы архитектурасы жағдайындағы Қазақстанның ішкі қаржы нарығындағы мәселелерді қамтиды. Сондай-ақ, ұлттық валютаның мерейтойын ескере отырып, сессиялардың бірі қолма-қол ақша тақырыбына арналады, мұнда қолма-қол ақша айналысының және оның болашағының мәселелері талқыланады. Биыл біз Конгресті өткізудің форматын, атап айтқанда түрлі тақырыптар бойынша сессияларға бөле отырып, біраз өзгертуді жоспарлап отырмыз», – деп түсіндірді Д. Ақышев.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы, сол сияқты алда болатын Конгрестің күн тәртібіне қаржы секторы үшін маңызды, ұлттық валютаны трансшекаралық есеп айырысуда пайдалану, қаржылық қадағалауда тәуекелге бағдарланған тәсілді енгізу және қолдану, қолма-қол ақша айналысының болашағы, заманауи болмыста қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау сияқты мәселелер енгізілгені жөнінде айтып берді. «Біз күн тәртібін қазақстандық аудитория үшін қызықты етуге тырыстық, және ол Конгрестің шетелдік қатысушыларын да қызықтырады деген сенімдеміз. Көрсетілген мәселелерді талқылауға қатысуға Еуропалық қадағалау органдарында жұмыс тәжірибесі бар халықаралық сарапшылар, ТМД орталық банктерінің, шетелдік банктердің және қазақстандық екінші деңгейдегі банктердің өкілдері қатысады», - деді Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz